

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№423**

**2019 жылғы 26 сәуір**

**Ақтөбе облысының Қоғамдық  
кеңесі туралы Ережені бекіту  
туралы**

Қазақстан Республикасыны 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және 9-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1194 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ережеге сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Б. БЕРКІМБАЕВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

Облыстық мәслихаттың  
2019 жылғы 26 сәуірдегі №423  
шешімімен бекітілген

## **Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының [5-тармағына](#) сәйкес әзірленді.

2. Қоғамдық кеңес – коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп жергілікті өкілді органның өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган.

3. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, оған сәйкес заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

### **2-тарау. Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобын құру тәртібі** **1-параграф. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу тәртібі, оны өткізу мерзімдері**

4. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрамы мемлекеттік органдар өкілдерінің қатарынан және Заңда белгіленген тәртіппен коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінің, азаматтардың қатарынан конкурстық негізде қалыптастырылады.

5. Жұмыс тобының сандық құрамын конкурс өткізгенге дейін жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі мемлекеттік органның басшысы айқындайды.

Жұмыс тобы құрамындағы мемлекеттік органдар өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауға тиіс. Осы өкілдіктің дербес құрамын мемлекеттік органның басшысы дербес айқындайды.

Азаматтық қоғам атынан өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

6. Жұмыс тобының құрамын жергілікті өкілді органның басшысы бекітеді. Жұмыс тобының басшысы хатшыны – Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс органының функцияларын орындау

жүктелетін мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындайды.

7. Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік орган бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінің, азаматтардың қатарынан жұмыс тобының сандық құрамын, құжаттарды беру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларын көрсете отырып, жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялайды және (немесе) өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

8. Конкурсты өткізу мерзімі конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күнін құрайды.

9. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері белгіленген мерзімде мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) коммерциялық емес ұйымның жұмыс тобының мүшелігіне кандидатураны (болған жайдайда) ұсыну туралы жазбаша ұсыныс;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

10. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жұмыс тобына кандидаттардың тізімі қалыптастырылады.

11. Кандидаттардың тізімін қалыптастыру аяқталғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде жұмыс тобына кандидаттардың қатысуымен жұмыс тобының отырысы өткізіледі. Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін жұмыс тобының отырысына коммерциялық емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арасынан байқаушылар қатыса алады.

Мемлекеттік орган жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландырумен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында құжаттарды беру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларын көрсете отырып, байқаушылардың тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

Байқаушы ретінде жұмыс тобының отырысына қатысу үшін бақылаушы болуға ниет білдірген адам мемлекеттік органға немесе электрондық поштаға осы Үлгі ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа бақылаушы ретінде қатысу үшін өтініш береді.

12. Жұмыс тобының отырысын өткізу уақыты мен орны туралы жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттар, бақылаушылар отырыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын хабардар етіледі.

Жергілікті өкілді орган жұмыс тобының отырысын дайындау мен өткізуді ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

13. Жұмыс тобының отырысын жергілікті өкілді органның басшысы (бұдан әрі – жұмыс тобының басшысы) өткізеді.

14. Жұмыс тобының бірінші отырысында жұмыс тобының басшысы, Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған мемлекеттік органның өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардан және азаматтардан жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттар дауыс беруге қатысуға құқығы бар. Коммерциялық емес ұйымнан кандидат, азамат өз кандидатурасы үшін дауыс беруге қатыспайды. Кандидаттардың отырысқа қатысуы міндетті.

15. Отырысқа келмеген кандидаттар бойынша дауыс беру жүргізілмейді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар жұмыс тобының құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс жинаған үміткерлерге қатысты жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

16. Жұмыс тобының шешімі отырыс аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жергілікті өкілді органның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Жұмыс тобының отырысында хаттама жүргізіледі, оған жұмыс тобының басшысы мен хатшы қол қояды.

## **2-параграф. Жұмыс тобы қызметінің тәртібі**

17. Жұмыс тобы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Халыққа Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарлайды;

2) Қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамын айқындайды;

3) Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау рәсімін жүргізеді;

4) Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын әзірлейді.

18. Жұмыс тобының отырысы жұмыс тобының басшысын есепке ала отырып, жұмыс тобы мүшелерінің жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

19. Жұмыс тобы кезекті құрамның Қоғамдық кеңесі өкілеттігінің барлық мерзіміне құрылады.

## **3-тарау. Қоғамдық кеңесті құру тәртібі**

20. Қоғамдық кеңесті мемлекеттік органдардың өкілдері арасынан және конкурстық негізде - коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан жұмыс тобы қалыптастырады.

Қоғамдық кеңестің мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар, оның ішінде өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынуы мүмкін.

Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамы жұмыс тобымен айқындалады.

21. Жұмыс тобы республикалық және (немесе) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау

жөніндегі конкурс туралы хабарландыру жариялайды және (немесе) жергілікті өкілді органның интернет-ресурсында орналастырады. Хабарландыруда мемлекеттік органның атауы, құжаттар жолданатын пошталық және электрондық мекенжайы, беру мерзімі, конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі және Заңның 10-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес кандидаттарға қойылатын талаптар көрсетіледі, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан Қоғамдық кеңестің сандық құрамы көрсетіледі.

22. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтар конкурс туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін жұмыс тобына қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша ұсыныстарды жазбаша нысанда (пошталық мекенжайға) жолдайды.

23. Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде ұсынылады.

24. Жұмыс тобы құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша келіп түскен құжаттарды талқылауды және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді өткізеді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс санын алған кандидаттар бойынша жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

25. Мемлекеттік органның Қоғамдық кеңеске өкілдікті конкурс өткізбестен мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

26. Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамы жергілікті өкілді органның шешімімен бекітіледі және Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) интернет-ресурста орналастыруға жатады.

#### **4-тарау. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру** **1-параграф. Қоғамдық кеңестің қызметін жүзеге асыру тәртібі**

27. Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатарынан Қоғамдық кеңес қызметінің басымдықтарына қарай комиссиялар құрады.

28. Қоғамдық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары Қоғамдық кеңестің отырысында әзірленеді және бекітіледі.

29. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Қоғамдық кеңес мүшелерінің бейнеконференцбайланыс арқылы қатысуына жол беріледі.

30. Өз өкілеттігі шеңберінде Қоғамдық кеңестің төрағасы:

1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;

2) осы Ережеге және отырыстың бекітілген күн тәртібіне сәйкес отырыстарда төрағалық етеді;

3) Қоғамдық кеңестің шешімімен айқындалған тәртіпте Қоғамдық кеңестің мүшелеріне олардан ұсыныстар келіп түсуіне қарай кезектілік тәртібімен сөз береді;

4) Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын келіп түсу тәртібімен дауысқа салады;

5) дауыс беруді жүргізеді және оның нәтижелерін жариялайды;

6) Қоғамдық кеңес отырыстары хаттамаларының жүргізілуін бақылайды;

7) Қоғамдық кеңес атынан құжаттарға қол қояды;

8) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

9) мемлекеттік органның отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысады;

10) өзі болмаған уақытта төраға міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді;

11) қажет болған жағдайда Қоғамдық кеңестің отырыстарында қаралатын мәселелерге мемлекеттік органдардан қосымша материалдар сұратады.

31. Ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз ету, Қоғамдық кеңес отырыстарын дайындау және өткізу, Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімін бақылау мақсатында Қоғамдық кеңес хатшысы:

1) Қоғамдық кеңестің отырысы өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның мүшелерін отырыстың өткізілетін уақыты мен орны, қарауға шығарылатын мәселелердің тізбесі туралы электрондық почта арқылы хабардар етеді;

2) Қоғамдық кеңес мүшелерін шешім қабылдау үшін қажетті материалдармен, құжаттармен және ақпаратпен қамтамасыз етеді;

3) Қоғамдық кеңестің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады;

4) Қоғамдық кеңес шешімдерінің жобаларын дайындайды және оларды интернет-ресурс немесе электрондық пошта арқылы не үш жұмыс күні ішінде қолма-қол Қоғамдық кеңестің барлық мүшелеріне жеткізеді;

5) Қоғамдық кеңестің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Хатшы болмаған кезде оның функциялары Қоғамдық кеңес отырысының хаттамалық шешімімен Қоғамдық кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

32. Қоғамдық кеңестің мүшесі жазбаша түрде өтініш беру арқылы оның құрамынан өз еркімен шыға алады.

33. Қоғамдық кеңестің мүшесі денсаулық жағдайы бойынша не заңда белгіленген тәртіппен өзге де негіздер бойынша оның жұмысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда Қоғамдық кеңестің шешімімен оның құрамынан мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

34. Қоғамдық кеңес конкурстың нәтижелері бойынша немесе Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органның шешімі бойынша шығып қалған өкілеттік мерзіміне оның орнына Қоғамдық кеңестің құрамына жаңа мүшені енгізу туралы шешім қабылдайды.

## **2-параграф. Отырыстарды өткізу және шешім қабылдау тәртібі**

35. Қоғамдық кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыстар болып табылады, олар оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп саналады.

36. Қоғамдық кеңестің отырыстары Заңның 5-бабының 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша өткізіледі.

37. Қажет болған жағдайларда Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша Қоғамдық кеңестің отырысына қатысу үшін мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылуы мүмкін.

38. Қоғамдық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) отырысты өткізу күні мен орны;

2) қатысушылардың саны;

3) сөз сөйлеген лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

4) күн тәртібі, есептің және сөз сөйлеудің мазмұны тіркеледі.

39. Қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болып табылады.

40. Мәселелерді қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдардың қарауы үшін міндетті болып табылатын ұсынымдарды қабылдайды.

41. Қоғамдық кеңестің шешімдері Қоғамдық кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

42. Қоғамдық кеңестің отырысында қаралатын мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

43. Қоғамдық кеңестің қызметіне байланысты құжаттар, оның өкілеттік мерзімі ішінде қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылған мемлекеттік органда электрондық және/немесе қағаз түрінде сақталады.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін Қоғамдық кеңестің қызметіне байланысты құжаттар мемлекеттік органның мұрағатына сақтауға беріледі.

Ақтөбе облысының Қоғамдық  
Кеңесі туралы ережеге  
1-қосымша

Нысан  
Ақтөбе облыстық мәслихаты

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Өтініш берушінің Т.А.Ә., куәлік № \_\_\_\_\_  
(қашан, кіммен берілген))  
(тұратын елді мекен, көше, үй, пәтер атауы)

### Өтініш

Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесін құру жөніндегі Жұмыс тобының құрамына қосу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Осы өтінішпен мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Келесі құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_
- 6) \_\_\_\_\_
- 7) \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_



Ақтөбе облысының Қоғамдық  
Кеңесі туралы ережеге  
2-қосымша

Нысан  
Ақтөбе облыстық мәслихаты

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Өтініш берушінің Т.А.Ә., куәлік № \_\_\_\_\_  
(қашан, кіммен берілген))  
(тұратын елді мекен, көше, үй, пәтер атауы)

### Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурса бақылаушы ретінде қосу үшін өз кандидатурамды беремін.

Келесі құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_
- 6) \_\_\_\_\_
- 7) \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_